

АЛТАУ Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№14 (127) 26 наурыз 2026 жыл

НАУРЫЗНАМА

ЖАҢА ФОРМАТТА ТОЙЛАНДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2024 жылдан бастап ел көлемінде Ұлыстың ұлы күнін мерекелеудің жаңа тұжырымдамасы бекітіліп, әр күні белгілі бір тақырыпқа арналған «Наурызнама» онкүндігі жарияланды. Осылайша аталған онкүндікте әрбір күннің маңызы айшықталып, халқымыздың ұлттық дәстүрлері жаңғырып, рухани дүниесі жанарды. «Наурызнаманың» бірлік пен татулықтың нышаны саналған «Ынтымақ» күніне орай облыс әкімдігінің ұйымдастыруымен Алматы облысының орталығы Қонаев қаласында Ұлыстың ұлы күні «Digital Nauruz» бағдарламасы аясында жаңа форматта аталып өтті.

Жасанды интеллект пен цифрлық мүмкіндіктер кеңінен қолданылып, мейрам мазмұны жаңа деңгейге көтерілді. Облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев жұртшылықпен бірге роботтар көрмесі мен «Жеті қазына» интерактивті жобасын тамашалады. Сонымен бірге департаменттер мен басқармалар тіккен ақшаңқан отаулардың жанында «Табалдырық аттау», «Тұсақсер», «Қыз айттыру», «Қалжа», «Отқа май құю», «Сүйінші сұрау», «Бастаңғы», «Бесікке салу», «Сүйек жаңғырту», «Беташар», «Ат қою», «Ақсүйек», «Тоқымқағар», «Төс қағыстыру», «Құйрық-бауыр асату» секілді халқымыздың салт-дәстүрі кеңінен насихатталған көз сүйсінтер көркем көріністерге кәу болды. Ерте замандардан халқымызбен бірге жасасып келе жатқан салт-дәстүріміз дәріптелген «Наурыз нұры» тебіреністі көрінісі мерекеге сай әсем безендірілген сахнаны одан бетер құлпытта түсті.

Мерекелік шараға қатысушыларды құттықтаған облыс әкімі айтулы күннің маңызы жайлы сөз қозғады. «Наурыз – тек мереке ғана емес, жаңғыру мен жаңарудың символы. Айтулы күнге орай еліміздің барлық өңірінде этноауылдар бой көтеріп, жәрменкелер ұйымдастырылды. Мәдени және спорттық іс-шаралар кенінен өткізілуде. Наурыз – тек рухани жаңғыру ғана емес, жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын кезең», – деген Марат Елеусізұлы

ішінде мал шаруашылығының өнімі 3,6%-ға өскен. Ал құрылыс жұмыстарының көлемі 18,4%-ға көбейген. 1 млн. 69 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген.

– Осының барлығы – өңірде жүргізіліп жатқан жүйелі саясат пен нақты жоспарлардың нәтижесінде қол жеткізілген маңызды жетістіктер. Экономиканың әртараптандырылып, өндіріс пен инвестиция көлемінің артуы тұрақты дамудың берік негізін қалыптастырып отыр. Ең бастысы, бұл көрсеткіштер халықтың әл-ауқатын арттырып, өңірдің бәсекеге қабілеттілігін жаңа деңгейге көтеруге жол ашуда. Осындай оң өзгерістер мен қарқынды дамудың берік құқықтық негізін қалыптастыруда елімізде қабылданған жаңа Конституцияның маңызы ерекше. Республикалық референдум нәтижесінде қабылданған бұл құжат азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беріп, мемлекетіміздің тұтастығы мен Тәуелсіздігін нығайта түседі. Осы орай-



жыл басы алға қойылған мақсаттарды айқындап, тың бастамаларға серпін беретінін айтып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы айтулы нәтижелерге тоқталды. Аймақ басшысының айтуынша, соңғы үш жылда өңірдің өнім көлемі 3,4 трлн. теңгеден 6,0 трлн. теңгеге дейін өсіп, республика бойынша 10-орыннан 5-орынға көтерілген. Өткен жылы негізгі капиталға 29,4% өсіммен 1 трлн. 355 млрд. теңге инвестиция тартылған. Өнеркәсіп өн-

дірісінің көлемі 10,1% өсіммен 2 трлн. 598 млрд. теңгеге жеткен. Ауыл шаруашылығында жалпы өнім көлемі 798,4 млрд. теңге болып, нақты көлем индексі 102,0%-ды құраған. Оның



тасиды» деген даналық сөзі ерекше мәнге ие. Ендеше, біздің басты міндетіміз-бірлігімізді бекемдеп, Отанымыздың өркендеуіне бірге үлес қосудеді облыс басшысы.

Сахна төрінде Марат Елеусізұлы жылдағы үрдіс бойынша Наурыз мейрамын мерекелеу құрметіне орай еңбегімен танылып, ел дамуына үлес қосқан азаматтарды марапаттады. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан елеулі үлесі үшін Еңбекшіқазақ ауданы аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Ержан Әмірдинов, Іле ауданы мәслихатының төрағасы Мұхит Кәрібаев, Алматы облысы әкімі аппаратының басшысы Мұрат Мәдіғұлов, Жамбыл аудандық орталық ауруханасының дәрігері Доғдыргүл Молдақалықова, Қарасай ауданындағы «Тауекел-Н-Алғабас» серіктестігінің директоры Рүстем Өтембаев «Құрмет» орденімен наградталса, тағы бірқатар азамат «Ерен еңбегі үшін» медалі мен «Аймаққа еңбегі үшін» төсбелгісін кеудесіне тақты.

Шара барысында сахнада театрландырылған қойылым көрсетіліп, Роза Рымбаева, Нұрболат Абдуллин, Өмірқұл Айниязов, Тамара Асар сынды эстрада әншілері, «Қоңыр» тобы, «Кұлансаз» ансамблі және басқа да өнерпаздар халыққа мерекелік көңіл-күй сыйлады. Наурыз мейрамы мерекелеу ая-

сында Қонаев қаласындағы Бердібек Соқпақбаев атындағы орталық саябақта облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының ұйымдастыруымен асық ату, бес асық, дәстүрлі садақ ату, қазақ күресі, ләңгі ойыны, тоғызқұмалақ, шахмат, арм-рестлинг, гир спорты сияқты ұлттық және бұқаралық спорт түрлерінен өткен жарысқа облыс орталығының тұрғындары мен қонақтары көптеп қатысты.

«Face of Nauruz» алаңында келушілердің бейнесі жасанды интеллект көмегімен өңделіп, заманауи стильде ұсынылды. Орталық алаңдағы роботтар көрмесі халық қызығушылығын тудырды. Роботтардың қатысуымен қызықты бағдарлама ұйымдастырылды. Құлтемірлер бауырсақ пісіріп, тұрғындарға ұсынды. Жалпыхалықтық мерекеге айналған Ұлыстың ұлы күні осылайша Алматы облысында кең көлемде тойланды. Қонаев қаласындағы орталық алаңға бес мыңнан астам халық жиналып, мерекелік шара «Digital Nauruz» тұжырымдамасына сай тікелей эфирде көрсетілді.

Департаменттер мен басқармалар тіккен киіз үйлерде арнайы шақырылған меймандар, еңбек ұжымдарының қызметкерлері, қала тұрғындары мен қонақтары наурыз көже мен мерекелік дастарқаннан дәм татты. **Заңғар АЛТАЙ.**

АПТА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ШУАҚТЫ МЕРЕКЕ – ШАТТЫҚТЫ КӨҢІЛ-КҮЙ

Қонаев қаласы

Көктемнің алғашқы тойы - Наурыз мерекесін атап өтуге қала тұрғындары мен қонақтары Бердібек Соқпақбаев атындағы орталық саябаққа көптеп жиналды.

«Тұмар» театры мен «Қонаев әуендері» ансамблінің орындауындағы ұлттық дәстүрлер дәріптелген көрініспен басталған салтанатты шарада жиналған жұртты қала басшысы Асхат Еркемұлы құттықтады.

–2026 жыл еліміз үшін жаңғыру мен даму кезеңінің жалғасы болып отыр. Биыл цифрландыру мен заманауи технологияларды дамытуға ерекше мән берілуде. Бұл өз кезегінде мемлекеттік басқаруды жетілдіріп, қызмет сапасын арттырып, қаламыздың дамуына жаңа серпін беруде. Қонаев қаласында 30-дан астам этнос өкілі, 70 мыңға жуық тұрғын тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Бірлік мен ынтымақтың арқасында көптеген игі бастама жүзеге асуда. Бүгінгі мерекелік шара-осы берекенің айқын көрінісі, – деді қала басшысы.

Корей, орыс, ұйғыр этномәдени орталықтарының музыкалық аспаптар, тағамдар түрлері, көрмелерге қойылған түрлі бұйымдар көрермендердің қызығушылығын туғызды. Этнос өкілдері ұлттық тағамдарының қай кезде, неге арналып және қалай жасалатыны жайлы мағлұматтар берумен бірге, тұрмыстық заттар мен музыкалық аспаптарды кенінен таныстырды. Мерекеге жиналған жұртшылық этномәдени бірлестіктердің ұйымдастырған көрмелерін және саябақта өткізілген ұлттық ойындарды қызыға тамашалады.

Салтанатты шарада «Қонаев әуендері» ансамблі мен Еркін Құдайбергенов, Сәкен Нұрпейісов, Бекболат Сағадиев өз өнерлерімен көпшілікті сүйсінтті.

Қарасай ауданы

Қарасай ауданының әрбір ауылдық округтерінде Наурыз мерекесі өте жоғары дәрежеде ұйымдастырылды. Атап айтқанда 1 Май, Елтай, Шамалған, Ұмтыл ауылдық округтерінде халық мерекенің керемет көңіл күймен, қалықтаған әнмен, мың бұрала бимен қарсы алды.

Әр ауылдарда киіз үй тігіліп, қазан-қазан көже пісіріліп, мерекеге келген адамның барлығы кең жайылған дастарқаннан дәм татып, бір-бірін Жаңа жылмен құттықтап, ақ тілектерін ақтарыла айтып жатты.



Сонымен қатар ұлттық слат-дәстүрлер дәріптеліп, қол күресу, еркін күрес, арқан тарту сияқты спорттық шаралар өткізілді. Жас бүлдіршіндер бес асық ойнап жұртшылықты риза етті Халқымыздың кең пейілділігі мен қонақжайлылығын, бауырмалдығын пен сыйластықты айшықтайтын Наурыз мерекесі осылайша шат-шадыман жағдайда өтті.

Еңбекшіқазақ ауданы



Шелек ауылдық округінде Наурыз мерекесіне жиырмадай үй тігіліп, жергілікті өнерпаздар мен Алматыдан арнайы келген эстрада жұлдыздарының қатысуымен кең ауқымды концерт қойылды. Наурызнамаға қатысқан аудан әкімінің бірінші орынбасары Ертай Нұрмаханов пен Алматы облысының Құрметті азаматы Елеусіз Сұлтанғазиев құттықтау сөз сөйледі. Алматы облысының Құрметті ардагері, ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Әбілбек Айтқынов Наурызнамада көпшілікке ақ батасын берді. Алаңның бір шетінде ұлттық спорт ойындары жалғасын тапты, жеңімпаздар марапатталды. Осы мерекеге келген қонақтардың барлығы киіз үйлер мен алаңға тігілген шатырларда жайылған дастарқаннан қалауынша тегін көже ішіп дәм татты. Наурызнамада ескістер ашық тұрды да дастархандардан дәм тұз үзілмеді. Мұндай кеңпейілдікке жұртшылық ризашылығын білдірсе, ақсақалдар ақ батасын беріп жатты. Биылғы Наурыз жылдағыдан ерекше астапот, кең ауқымда жақсы жағдайда өткізілді.

Іле ауданы

Ақсай ауылдық округінің Мәдениет үйінде Наурызнама онкүндігі аясында «Шаңырақ күні» кең көлемде аталып өтті. Тағылымы мол шараға Іле ауданы Ардагерлер ұйымының төрағасы Әмзе Әлдибекұлы Исаев арнайы қатысып, көпшілікке жүрекжарды лебізін білдірді.

Іс – шараны бастауыш ардагерлер ұйымының төрайымы Бижамал Қасымбекқызы мен «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Зәуре Қанайбекқызы ұйымдастырып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге ерекше үлес қосты. Кеш барысында қазақ отбасының берекесі мен бірлігін айшықтайтын тағылымды көріністер ұсынылып, аналар мен ардагерлердің өнегелі әңгімелері айтылды.

Күрті ауылдық округінде «Ұлттық киім» күні жоғары деңгейде ұйымдастырылып, ұлттық нақыштағы ерекше мерекеге ұласты. Шара бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы Есенбеков Анипулла мен «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Жанар Нұрәліқызының ұйытқы болуымен өтті.

Мерекелік іс - шараға Іле ауданы аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Әмзе Әлдибекұлы Исаев және Күрті ауылдық округі әкімінің орынбасары Дулат Әбілғани қатысып, ауыл тұрғындарын мерекемен құттықтады. Әмзе Әлдибекұлы ұлттық киімнің маңызы мен оның ұлт болмысындағы орны туралы әсерлі сөз сөйледі.

Шара барысында мектеп оқушылары ұлттық киімдер шеруін көрсетіп, концерттік бағдарлама ұсынып, ән мен жырдан шашу шашты. Бұл күн ұлттық мұраны насихаттауға бағытталған тағылымды іс - шара ретінде есте қалды.

Байсерке ауылдық округінде Наурызнама аясындағы « Жаңару күні» игі істермен жалғасын тапты.

№ 9 орта мектептің ауласында бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы Қамит Ерсұлтанұлы мен «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Зәуреш Ертісқызының бастамасымен кең көлемді көгалдандыру жұмыстары жүргізіліп, ағаштар мен шыршаалар отырғызылды.

Шараға Іле ауданы «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Бағдат Бейсенбекқызы қатысып, жиналған көпшілікті мерекемен құттықтап, табиғатты қорғаудың маңыздылығына тоқталды. Мектеп ұстаздары мен оқушылары белсенділік танытып, ағаш отырғызу жұмыстарына атсалыды.

Шара соңында мектеп оқушылары дайындаған концерттік бағдарлама ұсынылып, келген қонақтарға мерекелік көңіл күй сыйлады.

Өз тілшіміз

ЕҢБЕКПЕН ӨРІЛГЕН БЕРЕКЕ

Әйел адамның жұдырықтай жүрегіне жылылық пен ұлылық ұялаған. Олардың қоғамдағы, жалпы адамзаттың өмірінде алатын орны да ерекше. Бүгінде нәзік жанды арулар ошақтың қасынан да табылып, жұмысты да қоса алып жүруге үлгерді. «Ана бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербейді» деген-осы. Ең бастысы, олар-отбасының ұйытқысы, тыныштықтың шырақшысы. Аяулы жар, қамқор ана, білікті кәсіпкер. Осының бәрі біздің кейіпкеріміз, Алатау қаласы Жетіген ықшам ауданындағы кәсіпкер Бибігүл Әлімқұлқызы Төлепованың бойынан табылады.

Кез келген адамда арман-мақсат болады. «Армансыз адам-қанатсыз күспен тең» деп бекер айтылмаған ғой. Ол алға жетелейді, биікке шығарады. Арман- адамның өмір жолының қалыптасуына көмектесетін айрықша күш. Ал, арманына бастайтын бірінші кадамың - мақсатың, болашаққа деген жоспарың. Мақсатыңа жету үшін ештеңеден тайсалмай кез-келген қиындықты жеңіп шығасың. Өз мақсатына жету жолында аяулы ана, адал жар, ибалы келін Бибігүл Әлімқұлқызы тынымсыз еңбек ете білді. Ол бала кезінен еңбекке шыңдалып өсті. Өткеніне көз салсаң оның бала кезінен үлкен жауапкершілік пен биік міндетті өз мойнына арқалай білгенін байқайсың. Қарапайым ауыл еңбеккерінің отбасында 9 баланың жетіншісі болып дүниеге келген ол кішкентай кезінен үйдің шаруасына араласып, анасына қолқабыс жасайтын. Әдетте көп балалы отбасындағы ұл-қыздар бірін-бірі жетелеп, бірін-бірі тәрбиелеп өседі емес пе. Ерлі-зайыпты Әлімқұл мен Тұрымхан Асановтардың да отбасындағы Жұмагүл, Мухамет-Тұрсын, Дәнегүл, Тұрысбек, Зейнегүл, Бибігүл, Станбек, Айнагүл, Жанар атты ұл-қыздары бірін-бірі бағып, үлкені кішісіне қамқоршы бола білді. Барлығы кішкене кезінен үйдің сырттың жұмысына араласып еңбекке шыңдалды. Бұл отбасындағы балалар ұлттық салт-дәстүр мен құндылықтарды бойына сіңіріп, жақсы мен жаманның, ақ пен қараның не екенін біліп өсті. Ең бастысы олар адамгершілік пен қарапайымдылыққа тәрбиеленді. Сондықтан болар, Бибігүл де-жасынан өзінің қарапайым болмысын сақтай отырып, әрдайым жұмысына асқан жауапкершілікпен қарауға үйренген жан.

Талдықорғанға жақын Көксеу ауданының Алғабас ауылында дүниеге келген Бибігүл

осындағы орта мектепті үздік аяқтап, Алматы қаласындағы сауда техникумын қоғамдық тамақтандыру орнының техник-технолог мамандығы бойынша бітіріп шықты. Еңбек жолын 1987 жылы Алматы облысы Іле ауданының бұрынғы Николаевка ауылындағы геология Министрлігінің қоғамдық тамақтандыру мекемесінен бастады. Жұмысына



ұқыпты, тәртіпке мықты Бибігүл бір жыл өтпей жатып қоғамдық асханада өндіріс меңгерушісі қызметіне жоғарлатылды. 1990 жылы осы ауылдағы нан комбинатының кондитер цехына жұмысқа ауысты. 1991-1993 жылдары цехтың мастері, 1993-1995 жылдары нан комбинатының өндіріс меңгерушісі қызметін үлкен жауапкершілікпен атқарды. Жолдасы Рамазан да осы комбинатта энергетик болып жұмыс істейтін. Мінезі біртоға, ибалы да инабатты Бибігүл жұмысына өте үлкен жауапкершілікпен қарады. Нан пісіру өте бір ыждағаттылықты, темірдей тәртіпті, айнадай

тазалықты қажет ететін болса, Бибігүл бұл талаптан шыға білді. Сапалы қызметі үшін басшылық тарапынан қаржылай сыйлықтардың, биік марапаттардың иесі атанды.

Алайда, өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басындағы нарықтық экономика комбинат жұмысына салқынын тигізбей қоймады. Сол кездегі комбинат басшысы Жұмағұлов Мақсұмбай Жұмағұлұлының кеңесі бойынша ауылдағы нан дүкенін сатып алды. Көреген басшы ерлі-зайыпты Төлеповтерге «Сендер әлі жасыңдар, өмір өзгереді. Жеке кәсіпкерліктің болашағы үлкен», - деген еді. Осылайша ерлі-зайыпты Төлеповтар жеке кәсіппен айналыса бастады. Бастапқыда нан комбинатынан өндірілген өнімді сатты. Алайда, комбинаттың жабылуына байланысты олардың саудасы төмендеп кетті. Алматы қаласындағы нан зауыттарымен келісім-шартқа отырудың өз машақаты бар еді. Не істеу керек? Олар ақылдаса келе басқа да азық-түлік түрлерін көбейтуді ең бастысы дүкеннің жанынан наубайхана ашуды жөн деп тапты. Жабылып қалған комбинаттан қажетті жабдықтарды қарызға алып, нан пісіре бастады. Бірді екі жасады, сөйтіп сауда айналымын көбейте бастады. Азық-түлік дүкенінің де жұмысын ақырындап жолға қойды. Пісірілген нан, ұннан жасалған басқа өнімдер осы дүкенде сатыла бастады. Бәріне шыдамдылық көрсетіп, сабырлылық танытып, шаршаса да алдағы мақсатына жету жолында тынбай еңбектене білді. Бүгіндегі Жетіген ауылындағы «Салтанат» азық-түлік кешені, наубайхана, жерлестерінің спортпен шұғылдануына мүмкіндік беретін фитнес орталығы-Төлеповтар отбасының тынымсыз еңбегінің, шыдамдылығының, табандылығының жемісі. Қосымша жұмыс орындары ашылды. Осының бәрін ерлі-зайыптылар және ұлдары Ерлан бірлесе атқарды. Келіндері Алуа да олардың бір жағына шығысады.

Бибігүл Әлімқұлқызы кәсіпкерлік жолында табандылық пен жауапкершілікті серік етіп келеді. Кәсіпкер үшін басты мақсат-тек табыс табу ғана емес, халыққа сапалы қызмет көрсету. Сондықтан да дүкенде халыққа қажетті азық-түліктің түр-түрі жеткілікті болып, ал наубайханада әрдайым жаңа піскен өнімдер ұсынылады. Бұл тұрғындардың сенімін арттырып, кәсіптің тұрақты дамуына жол ашады.



Кәсіпкердің тағы бір үлкен жетістігі – елдің әлеуметтік жағдайына үлес қосуы. Қазіргі таңда Төлеповтар отбасы 15 адамды жұмыспен қамтып отыр. Бұл-бірнеше жанұяның нәпақасын тауып, тұрмысын түзеуіне мүмкіндік беріп отырған игі іс. Қызметкерлеріне қолайлы жағдайды жасап, адал еңбекті бағалай білуі – оның адамгершілік қасиетінің айқын көрінісі.

Бибігүл Әлімқұлқызының өміріндегі ең үлкен бақыты-оның отбасы. Жұмысының көптігіне қарамастан ол-отбасының берекесін сақтап, айналасына жылылық сыйлай білетін жан. Осындай еңбекқор, жүрегі кең аналардың арқасында қоғамда ізгілік пен берекенің арта түсетіні анық.

Ол-кәсіпкер ғана емес, шаңырағының ұйытқысы, адал жар, баласы мен келініне мейірімін төгіп отырған ардақты ана, ибалы келін. Марқұм қайынатасы Рақымжанның ақ батасын алған Бибігүлге сүйіп қосылған жары Рамазанның және жасы 90-ға таяп қалған енесі Нұрзияның барлық жағдайын жасап отыр. Осы әулеттің иесі әрі киесі Нұрзия апаның қас-қабағына қарап, бабын жасап, алдынан кесе көлденең өтіп көрген жоқ Қайынапасы Салтанат пен жездесі Темірханды сыйлап, құрметтейді. Өзінің келіні Алуасына да білгенін үйретіп, үлгі-өнеге көрсетуде.

Бибігүл Әлімқұлқызының еңбеккерлігі мен іскерлігі көпке үлгі. Елге қызмет етіп, халықтың алғысын алып жүрген осындай аналардың еңбегі әрдайым құрметке лайық. Осындай азаматтардың арқасында ел экономикасы дамып, ауылдың тыныс-тіршілігі жандана түседі. Оның еңбегі мен іскерлігі жас кәсіпкерлерге де жақсы үлгі болары сөзсіз.

Роза АЙДАРБЕКОВА.
Алатау қаласы.

● МҰҚАГАЛИ МАҚАТАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА -95 ЖЫЛ

Елес жылдар есімде

Уақыт қолдағы еріген мұз секілді екен. Оның қас қағымдай зырылдап өте шыққанына сенгіміз келмейді, әрине. Алайда, ақиқаттың аты-ақиқат. “Жасына қарасаңшы, сен баяғы балаң жас, жалаң аяқ студент емессің, бүгінде тоқталған, алпысты алқымдап, жетпіске жетіп қалған ақсақал емессің бе?” деп, тәтті қиялымды біреу шорт үзгендей болды. Иә, рас біздің оқу орнын бітіріп, еңбекке араласқанымызға да 45 жылдан аса уақыт өтті. Күнделікті күйікті тірлікпен жүріп өткенді еске алуға да мұршамыз болмағаны ма? Міне, бүгінде біз-зейнеткерміз. Қолымыз бос, ешбір кедергі жоқ. Шыжығынан қызығы басым сонау жастық шаққа саяхат жасап, өткенді еске түсірудің сәті енді түскендей...

1972 жылы мен Шонжыдағы 4-ші қазақ орта мектебін бітірдім. Арман қуып, Алматыға қарай жолға шықтық. Сол кездегі қуанышымды бүгінде ерекше бір әсермен еске аламын. Алғаш рет Алматыны көрдім. Не деген керемет қала десеніңші, түп түзу көшелер, онда арлы бері ағылған неше түрлі көліктер. Не деген биік үйлер, гүлзарлар мен су бұрқақтар көздің жауын алады. Айналалыма қызыға қарап, қай жерде келе жатқанымызды ұмытқандаймын. Тек әкемнің «Әй балам, жүрсенші тез, көлік келе жатыр ғой, жүгір тез» деген айқайынан есімді жиғандай болдым. Есімде, селт етіп, жан жағыма қарап, жолдың арғы жағына жүгіріп өттім. Сөйтіп зырылдаған қалың көліктердің ортасында қала жаздаппын. Сол жылы жаз қатты ыстық болды ғой. Біздің қиын киімімізге қарап қалалықтар «ауылдан келген ауылбай екенсің ғой» деп тұрғандай ма, бір түрлі қысылғандаймын. Соны сезді ме, әкем маған «қалың күртеншен мен шалбарыңды шешіп, жеңіл кеудеше мен трикоңды киіп аларсың үйге барған соң» деп жатыр. Сонымен, бізді Мұқағали ағаның үйіне ақ түсті «ГАЗ-21» волганың жүргізушісі тез ақ алып барды. Қысыла-қысыла үйге де кірдік. «Қалай болар екен, қалай қабылдар екен?» деген ыңғайсыздықтан туған ойлар алғашында басымдау болды.

Бірақ әкем мен нағашы ағам екеуі құшақтасып амандық сұрасып жатқаны, бізді отбасыларымыздың жылы құшақ жая қарсы алғаны, бастапқы ыңғайсыздық жағдайымыздың тез басылып, қуа-

нышты кездесуге ұласқаны бәрімізді де мәре-сәре етіп тастады. Әкем, «Қайынаға, үй іші, бала-шағаңыз аман ба?» деп хал сұрасып жатса, Мұқағали аға «Осы сенің қайынаға дегенің дұрыс ғой, бірақ сенің менен бақандай үш төрт жас үлкендігің бар, ешкім жоқта Мұқаш дей берсеңші» дегенінен ақ, әкем мен ағамның арасындағы сый, тек сыйластығы жарасқан жандарда ғана болатын үрдіс деп ойладым. Олай дейтінім, ашық жарқын адамдар екені қабағынан ақ білініп тұрғандай еді, көп балалы отбасы болса да еш жағымсыздығы қабылдап, «Жиен оқуға түсуге келген екен, қайсысына тапсыратын ойы бар, болашақта қандай маман болғысы келеді?» деп, алдымызға шәй келгенше аға әкемді біраз әңгімеге тартып, жөн сұрасып жатыр. Сөз арасында амандықты білмек оймен менің шешемді (Дәмеш әжемді) және қарындасым Қалиманды (менің шешемді) дұрыстап бағып, қарап бағып жатырсындар ма, күйлі қуатты ма деп қалжындап та қояды. Маған «Жігіт болып қалыпсың ғой, шешен қалай, келе алмайды ғой, бір адам балаларға, үйге, мал-жанға қарап қалды деді. «Біздің үйдің қонағы үзілмейді, сенен басқа тағы бір талапкер Жәнісгүл қалқам бар, енді екеуің де оқуға құжаттарыңды тапсырыңдар, алдымен танысып алыңдар», - деп бізді таныстырды.

«Жақсы үйдің қонағы үзілмейді» - демекші, Лашын апамыздың Сүмбеде тұратын туысының Жәнісгүл деген қызы да оқуға түсуге талаптанып

осында жатыр екен. Енді талапкер екеу болдық қой, менен басқа да оқу іздеп келіп жатқандар бар екен деймін іштей. Сонымен, біз таныс адамдарша жөн сұрасып, етене жақын араласып кеттік. Мұрапова Жәнісгүл құрбымыз Алматы қыздар институтына құжаттарын тапсыратын болыпты, «мұғалім болам» дейді. Мен ауыл шаруашылығы институтына құжаттарымды тапсыратын болдым. Бір айдың ар жақ бер жағы, қалада жүріп құжаттарымызды тапсырып жүрміз. Күнде бірденені дұрыстаймыз деп институт пен үйдің арасын, қаланың о жақ, бер жағына жүгіріп дәрігерлік анықтама алу үшін тексеруден өтіп, арасында қыдырып дегендей, өзіміз сияқты оқуға құжаттарын тапсырып жүрген қыз-жігіттермен танысып, арқа-жарқа болып, мүмкіндігінше қыдырумен, қаланы қызықтаумен жүрдік. Осылайша уақыттың қалай өткенін сезбей де қаламыз. Әйтсе де бір мезгіл мектепте өткен пәндер бойынша үйде қалағанымызша дайындаламыз. Қалай болғанда да бұл шектеулі еркіндік қой, өйткені кісінің үйінде еркін жүре алмайсың, ұят. Оның үстіне әкем ауылға кетерінде оғаш әрекет етпей, тәртіпті болуымды ескерткен еді. Әрине, үйдегілер бізге ештеңе дей қоймас, бірақ бұл ешбір тәрбие этика нормаларына сай келе қоймайтыны белгілі. Оның үстіне Лашын апа керемет жан еді ғой, көп сөзі жоқ, алайда ол кісінің мінезінде бір ерекшелік бар. адамға жәй бір қарағаны бәрін айтып тұратын. Қабағы, қарағаны адамға ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін айтпай ақ білдіріп тұратын. Мейірімі өз алдына, сондай жан. Мұқағали аға жұмыстан қашан, қай кезде келсе де Лашын апамыздың тамағы дайын. Ағаның қандай да бір қажет нәрсесі болса апамыздың алдын ала дайындап қоятыны бар екен. Ал енді Мұқағали нағашыма келер болсақ, мен үшін ол кезде ақ өз заманының аты аңызға айналған айтулы да айдынды азаматындай еді. Аға біз үшін басына самұрықтан басқа құс қона алмайтын алып бәйтерек, жан баласы шыға алмайтын шын сияқты болып мәңгі асқақ

күйінде есімізде қалды. Қашан да ақ-жарқын мінезді, мейірімін төгіп, «Қарындасымың қуанышы жиен бала» деп, маңдайымынан сүйетін. Зор тұлғалы, кең жауырынды осы жанды кейде мен аға деп мойнына асыла кетіп еркелегім келетін, артыныша қой ұят болады деп өзімді еріксіз тоқтататынымын, әй балалық ай десеңші. Сонымен қатар аға-өте еңбекқор адам. Қашан көрсен де қолында қаламы мен қағазы түспейді, үнемі ойлы көзбен бір нәрсеге тесіле қарап тұрады, кейде есік пен төрге ерсілі қарсылы жүреді де тоқтай қалып, ойына түскенін жаза бастайды. Кейде ағаның жазу үстелінде көресің, кейде оның терезе алдында жазып жатқанын көресің. Көбінесе аға түнде жұмыс істейді ғой деймін, өйткені таңертең жазу столында шашылып жатқан қағаздарын Лашын апамыз жинап жүретін. Сонда аға қай уақытта демалады деп, таң қалатынбыз. Бүгінде Мұқағали аға біздің елімізде ғана емес, Қазақстанның тыс жерлерінде кенінен белгілі. Өлеңдерін оқыған сайын адамды ұшқыр ойға, терең сезімге, толғанысқа бөлейді. Өлеңдері адамды өзіне баурап алатын үлкен қасиетке ие. Халқың зор сүйініштілікке, ықыласқа бөлей отырып ерке көңіл мен болашаққа деген ыстық пейілге ынтызар етеді. Өлеңдерінде адамға деген жылылық, сенімді талпыныс, қуат беретін қасиет бар, сонысымен де қымбат. Туған халқымыздың өміріне кеңінен орын алған, соған қызмет етеді.

Сонымен, сол жылы мен тапсырған оқу орнында конкурс қатты болды. Бір орынға бес адамнан келді, ал мен төрт пәннің екеуінен төрт, екеуінен үш деген баға алып, сынақтан өте алмай, ауылға қайттым. Мен үшін бұл үлкен сынақ болды, білімге деген талаптың қаншалықты деңгейде екенін білгендей болды. Әрине қатарластың алдында өзінді әлсіз сезіну қиын, намысыңды оятады, әттен, әттен деген өкініш бойынды баурап алады. Мектептегі балалықтың басырғау болғанын сонда түсіндім, оқу керек еді дегенін өзіме өзім. Әйтсе де қалаға келгеніме еш өкінеймін, оқу орнының сынағынан өтпесем де өмірдің

сынағынан өттім ғой, бұл қиындық мен үшін үлкен сынақ та, сабақ та болды. Сондағы менің көңілге түйгенім егер еңбектенбесем, талаптанбасам ешбір нәтижеге жете алмайтыныма көзімнің жеткені болды.

Осындай кезекті сыннан кейін күзде әскерге шақырылдым, әскерден келген соң да бағымды сынап, жоғары оқу орнына құжаттарымызды тапсырдым. Өкінішке орай оқуға тағы түсе алмадым, жолым болмай, көңілім түсіп кетті. Сонда нағашым Мұқағали аға «Қарағым Серік, ұнжырғанды түсірме, сен алдымен институт емес, техникумға тапсырып көрші, содан кейін институтқа да түсіп оқырсың, жасың ғой, әлі ақ екі жыл деген өте шығады» деген кеңесімен құжаттарымызды алып Алматы совет сауда техникумына тапсырдым.

Алматы совет сауда техникумы сол кездегі белді оқу орындарының біріне жататын, оған мықтының мықтысы ғана түсетін. Сынақ қатты болды. Олай дейтін емтиханнан өткенімізнен, белгіленген межедегі бал көрсеткішім төмендеу болған сияқты. Емтиханды қабылдау комиссиясының қорытындысымен мені кешкі бөлімге ауыстырыпты. Сонымен, Алматы совет сауда техникумында 1977 жылы қыркүйек айынан бастап оқу басталды. Бұл менің алғашқы жеңісім, сондағы қуанышымда шек болмады. Бір жағынан жұмыстан да қол үзбеймін, күндіз жұмыс істеймін ал кешке оқитын болдым. «Ащының дәмін татпаған тәттінің қадірін қайдан білсін» демеітін бе еді. Иә, мен де көптен күткен жеңісіме жету үшін өмірдің сынағына шыдап, көп еңбектендім ғой, соның арқасында жеттім десем, артық болмас. Осы өткен үш жыл, әскерді қосқандағы уақыт мен үшін есею, өмірдің кезекті сынағы, шыңдалудың белгілі бір кезеңі, яғни «Еңбек бәрін жеңбек» деген қағида-ның дұрыстығының белгісі. Алғашқы қадамның бағдар шамындай болған жылы лебіз, ол нағашым Мұқағали аға мен Нағман апамның берген кеңесі мен батасы ғой деп ойлаймын.

Серік ҚАПАРУЛЫ,
еңбек ардагері.

● ӨМІР-ӨЗЕН

ЕКЕУІН ДЕ ЕРЕКШЕ ЕЛ СЫЙЛАЙТЫН

«Дүние шіркін, өтеді бір күн...» деген ән жолдарын естіген сайын етжүрегің елжіреп, тұла бойыңды тоқ соғып жатқандай, сай-сүйегің сырқырап кетеді. Сонда кезінде жарық дүниені жалпағынан басып, халықтың қамы үшін қажыры мен қайратын, білімі мен білігін тер төге жұмсаған қатардағы қарапайым адамдар еріксізден еске түсіп кетеді. Ең өкініштісі олардың бәрі де-ортамызға қайтып оралмас, о дүниелік болып кеткен әруақтар. Оларды біздің сартап болған сағынышпен еске алудан басқа қолдан келер амалымыз жоқ. Өйткені, тағдырдың жазуы сондай...

Осындайда күні кеше ғана халықпен қоян-қолтық араласып, мақтаншытары болып жүретін ақ халатты абзал жандар, қос аққудай қосарланып, жұптары жазылмай үнемі бірге жүретін ерлі-зайыптылар Әнуар Оспанов пен Әлфия Қонаева қайта-қайта ойға орала береді. Аргы-бергіні қазбаламай, ақиқатқа жүгініп, ашығын айтатын болсақ, екеуі де халықтың жүрегіне берік орнығып қалған ажалға қимас аяулылар еді. Міне, олардың келместің кемесіне мініп, ажал тырнағына ілініп кеткендеріне де жыл болып қалыпты. Уысқа тұрмайтын уақыттың да сиқырын ұға алмайсың.

«Әттең, тонның келтесі-ай...» деп, өзекті өкініш өртегенмен қолдан келер шара жоқ. «Сұм ажал тек жақсыларға ғана ауыз салады» деген қанатты қағида тегін айтылмаса керек. Өзі де солай болды. Екеуін қара жер бірінен кейін бірін бауырына алып, жалмап кетті. Екеуін соңғы сапарға шығарып салардағы халықтың қарасында тіптен есеп жоқ еді. Қай-қайсысының болса да көз жастары көл болып, оларға деген қимастықтарын айтып, қайғыдан қан жұтып тұрғандарын қалай ұмытарсың. Ол күндер кімнің болса да есінен шыға қоймас. Сол бір қоштасу сәт тірілер үшін тым қиын еді.

Дана халқымыз «өлі риза болмай, тірі байымайды» деп тегін айтпаса керек. Қосылған қос өзендей болған Әнуар мен Әлфия жайлы қалам тербеудің өзі де оңай емес екен. Ол екеуін мен бала кезімнен бәс саусағымдай жақсы білемін. Бәріміз де қатарлас болдық. Әнуар менің нағашыларым тұратын Қақпақ ауылынан еді. Барған сайын жолығып тұратынымын. Оның алғырлығы мен алдына қойған мақсатына жетпей қоймайтын таудай талап иесі екендігі алаулаған жүзінен айқын көрініп тұратын. Ал, Әлфиямен «Нарынқол» орта мектебінде қатарлас оқыдық. Орыс сыныбында оқитын ол оқу озаты атанып, 15 минуттық линейка сайын мақтау естіп жататын. Адам баласын жатсынбайтын. Жан сырын жасырмай жайып салатын.

Бозбала шақтарында асқақ арман құшағында жүретін Әнуар мен Әлфия өмірдегі көксегендеріне жетті. Екеуі де өзара ақылдасып қойғандай, мектеп бітіргеннен кейін екі жақтан бұрынғы (Алматы мемлекеттік медицина институтына), қазіргі С.Асфендияров атындағы мемлекеттік медицина университетіне оқуға түседі. Ол кезде жоғарғы оқу орнына оқуға түсу деген қияметтің қыл көпірінен өткенмен бірдей болатын. Сонда Әнуар мен Әлфия талмас талаптарының арқасында сол сынақтан сүрінбей өтіп, бақтары жанып, студент атанған еді. Жеті жыл оқыған осы оқуда Әнуар балалар хирургі, Әлфия акушер-гинеколог мамандықтары бойынша дәрігер болып шығады. Екеуі де оқуды үздіктер тобында бітіреді.

Осы оқу орнында жүріп бір-бірімен таныс-біліс болған екеуі де өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының бел ортасында Нарынқолдағы аудандық ауруханадан өз мамандықтары бойынша еңбек жолдарын бастайды. Арада көп уақыт өтпей-ақ, екеуі бір-бірімен терең түсінісіп, жүректерінің әмірімен отау құруға ұйғарым жасайды. Сөйтіп, жас шаңырақтың мызғымас берік қазығын қағады. Жұмыстары да халық қызығарлықтай қалыпқа түсіп, алдарына жандарына дауа сұрап барған жарымжан жандардың сенімінен шығып, олардың жүректеріне ұялай бастайды. Шынында да Әнуар мен Әлфияның бір арнада тоғысқан өз кәсіптері мен дәрігерлік анттарына деген адалдықтары, адамға деген аңқылдаған ақжүректері мен шапағатын шашып тұратын мейірім шуақтары кімді болсын бірден баурап алатын.

Олай болатын жөні де бар. Екеуінің де әке-шешелерінің тегі тектіліктен тараған жайсаң жандар екенін ел-жұрт жақсы білетін. Орайы келіп тұрғанда ол жағын айтпаса тағы болмайды. Әнуардың әкесі Жақуда, анасы Балкүміс Әбдаллақызы, Әлфияның әкесі Бодан мен анасы Балапан Нәдірханқызы кезінде халыққа қадірі бөлек ұстаздар болды. Олар жас ұрпаққа тәлімді тәрбие беруде арттарынан айтып жүретіндей айғақты іздерін қалдырды. Сондай өнегенің өрісінен сабақ алған Әнуар мен Әлфия да халықтың қастер тұтатын адамдарына айналды. Олар көздерінің тірі кезінде аудандық аурухана-ның бас дәрігері болған, медицинаны бүге-шігесіне дейін жақсы білетін, Ленин орденді дәрігер Мұхтар Әлімовтің айырықша қамқорлық жасап, ұшан-теңіз ақыл-кеңесін бергенін аса риза көңілмен ақ ниетті алғыстарын айтып, ауыздарынан тастамайтын. «Жақсының жақсылығын айт» деген осы шығар.

Қарап отырсақ, Әнуар мен Әлфияның үстеріндегі ақ халаттары мен азаматтық арларын кірлетпей, жабырқауда жүрген жандар үшін күндіз-түні кірпік ілмей, қалтқысыз қызмет көрсеткен өмір белестері көз алдымызға тізбектеліп келе береді. Оны шетінен айтып шығу да мүмкін емес, ол-ұзақ әңгіме. Әнуар мен Әлфияның 40 жылдан астам өмірлерінің адам жанының арашашысы болып өткенін аудан жұртшылығы ұмыта қойған жоқ. Ол жағын олардың ажал аузынан аман алып қалған адамдардың өз ауыздарынан естігеніміз де әлі күнге дейін есімізден шыға қойған жоқ.

Расында да Әнуар білгір хирург ретінде аяқасты ауыр жарақат алғандарды, ең аяғы соқыр ішектері (аппендициті) жарылып кеткендерді табан асты ота жасап, құтқарып қалғанын аурухана журналына тіркелген тізімдерден анық көруге болады. Сол сияқты балалары мен немерелерін мұсылмандық жолмен Әнуардың сүндеттегенін мыңдаған ата-ана әлі күнге дейін жадыраңқы қабақпен жасырмай айтып жүр. Ал, Әлфияның өз ісінің шебері болғанын, акушер-гинеколог дәрігер ретінде іскерлігімен, ілтипатты қызметімен абыройға бөленіп жүрді. Ол ауыр жағдаймен келген аналарды аман-есен босандырып, талай шаңырақты шаттыққа бөледі. Оның да мыңдағандай сәбидің кіндік шешесі атанып, айырықша құрметке бөленгенін айтудың өзі-бір ғанибет.

Осы жерде Әнуар мен Әлфиядан аралары ажырамай бірге қызмет істеген, кезінде ақ халатты абзал жандар атанған әріптестері Ораз Өтемісов, Серікбай Монтаев, Бейнегүл Иембердиева, Бейкүт Исенбаев, Баймұханбет Қоңырбаев, Иманәлі Таласбаевтардың марқұмдар жайлы елжіреп тұрып айтқан естеліктері де сезімді сөз еткізбей қоймайды. Медицина институтындағы курстасы әрі досы Ораз Өтемісов: «Әнуар екеуіміз 1968 жылы мектеп бітірдік. Ол Қақпақта, мен Сарбастауда. Мамандық таңдау барысында екеуіміз медицина институтының студенті болған кезімізде табыстық әрі таныстық. Әнуар балалар хирургі, мен балалар педиаторы мамандығын алып, ауданға бет алдық.

Ол кезде Нарынқол ауданының бас дәрігері, медицинаның бесаспап шебері Мұхтар Әлімов еді. Ауданда дәрігердің тапшы кезі. Ол кісі бізді жылы шыраймен қарсы алып, екеуімізге жан-жақты бағыт-бағдар беріп, сәттілік тіледі. Әлфия болса, бір жылдан кейін келіп, акушер-гинеколог болып жұмысқа қабылданды. Қабілет қары-

мының арқасында Әнуар балалар хирургиясы ғана емес, ересектер хирургиясын да он орап алып кетті. Зейнеткерлікке шыққанға дейін Әлфия екеуі жемісті еңбек етті», - деп емірене еске алады.

Ал, Серікбай Монтаев болса: «Әнуар екеуіміз хирургия бөлімінде жұп жазбай жұмыс істедік. Адамдар тағдырында небір оқыс оқиғалар болады ғой. Әсіресе, адамның ажал аузында жатқан жағдайында Орекең айтқандай, Әнуар ештеңеге қармайтын шешімтал, нағыз хирург болатын. Екі ілесті сыбанып тастап, ота жасауға кірісіп кететін. Оның талай адамды ажал қармағынан алып қалғаны менің әлі көз алдымда. Әлфия да табандылығынан таймайтын жанкешті төзімділігімен өз кәсібін сүйген дәрігер болды», - дейді Серікбай жанарына жас алып тұрып.

Ол екеуін тірлігінде халық бөле-жармай ерекше құрметпен сыйлады. Қашан болсын төбелеріне көтеріп, қастер тұтты. «Халық айтса, қалт айтпайды» деген емес пе?! Ол екеуінің ел алдында атқарған ересен еңбектерінің елеусіз қалған жері жоқ. Әнуар Жақудаұлы жоғары санатты дәрігер болумен қатар, «Еңбектегі ерлігі үшін» және «ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Тәуелсіздіктің 20 жылдығы» медальдарының иегері, Райымбек ауданының Құрметті азаматы болды.

Әлфия болса, жоғары санатты дәрігер әрі «ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі» медаліне ие болды. Сонымен қатар екеуінің Денсаулық сақтау министрлігі мен облыстық, аудандық аурухана әкімшіліктері және басқа да тиісті орындар тарапынан алған марапаттары мен мақтау қағаздары жетерлік-ақ. Әнуар мен Әлфияның артында ұлы Сырым, қызы Гүлім, күйеу баласы мен келіні және оншақты немерелері қалды. Олар әке-шеше әруағына үнемі тағзым етіп, лайықты құрметтерін көрсетумен келеді. Мен де Әнуар мен Әлфияның жатқан жерлері жәннатты, топырақтары торқа болсын дей келіп, сөзімнің соңын мына бір өлең жолдарымен аяқтағым келеді:

Жан едіңдер жүретін ел есінде,
Сенбесең де, кей кезде сенесің де.
Кезектесіп екеуің кеттіңдер ғой,
Мініп алып келместің кемесіне.

Осы ма еді жүректің тоқтағаны,
Есте тұр-ау, еліңнің жоқтағаны.
Жыл да болып қалыпты екеуіңе,
Жатқанына түнекте қап-қараңғы.

Қайғы жұтып осынау тірлігінде,
Артта қалды Сырымың, Гүлімің де.
Бауырлар, немерелер бәз қалпында,
Сол баяғы жұп жазбас бірлігінде...

Өмір – өзен барады асыға ағып,
Әрине, сендер барда жасымадық.
Достарың да жүр әлі мұнамоен,
Ораз бен Серікбайлар есіне алып.

Кеудемізде қайғыдан жатыр ағын,
Кім ойлаған тереңге батырамын.
Екеуіңді ел-жұртың ұмытпайды,
Торқа болсын, әрдайым топырағың!

Қанат ТӘКЕБАЕВ,
Қазақ журналистикасының
қайраткері.
Райымбек ауданы.

● ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Жақында Өтеген батыр кентіндегі Мәдениет үйінде жергілікті зиялы қауым өкілдерімен «Ислам және адал» қоғам атты дөңгелек үстел басындағы кездесу өтті. Кездесуді ашқан Іле аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әмзе Исаев адамды ізгілікке бастайтын, адалдық пен әділдікті дәріптейтін осындай кездесуді өткізудің маңыздылығын айтты. Бұдан кейін сөз алған Алматы облысының найб имамы Мейрамбек Абдурахманов «Ислам және адал қоғам» атты тақырыпты кеңінен талқылады.

Рухани тұрақтылық - бейбітшілік негізі

Адамзат қоғамының тұрақты дамуы мен берекелі өмір сүруінің негізі-адалдық пен әділдік,-деп бастады ол өзінің сөзін. –Осындай ізгі құндылықтарды дәріптейтін ұлы дін –Ислам. Ислам ілімі адамды адал еңбек етуге, шындықты ту етуге, бір-біріне құрметпен қарауға шақырады. Сондықтан да адал қоғам қалыптастыруда исламның орны ерекше.

Ислам дінінде адалдық ең жоғары адамгершілік қасиеттердің бірі болып саналады. Адамның сөзі мен ісі шынайы, жүрегі таза болуы –мұсылмандықтың басты белгісі. Қасиетті Құранда адамдарды әділдікке, адалдыққа және аманатқа қиянат жасамауға шақыратын көптеген аяттар бар. Бұл қағидалар қоғамдағы сенім мен бірлікті нығайтады.

Ислам және адал қоғам аясындағы жұмысты төрт негізгі бағыт бойынша ұйымдастыруға болады. Олар-Уағыз-насихат, дәстүр және отбасы,



оқу-ағарту және жат ағымдармен жұмыс жасау. Осы төрт бағыттағы жүйелі жұмыс қоғамда рухани тұрақтылықты нығайтып, бірлік пен татулықты сақтауға, адал әрі парасатты қоғам қалыптастыруға қызмет етеді.

Сол сияқты Мейрамбек Ақылбекұлы қазіргі қоғамдағы рухани өзгерістерге тоқталып, отбасы институтының беріктігі мемлекеттің тұрақтылығының кепілі екендігіне баса мән берді. Ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету – қазақы тәрбиенің алтын дінгеі екенін мысалдармен жеткізді. Қазіргі уақытта қоғам үшін маңызды мәселелердің бірі-жат діни ағымдардың ықпалы жайына тоқталды. Сондықтан халыққа дәстүрлі діннің мәнін түсіндіру, теріс ағымдардың зияны туралы ақпарат беру-маңызды міндет екендігін айтты. Асқар Тоқпанов ауылындағы Әділхан мешітінің имамы Ақылбек Алтынсариев тақырыпты талқылауға атсалысып, қазіргі қоғамда рухани құндылықтарды нығайтып, жастарды адалдыққа тәрбиелеудің маңыздылығына тоқталды. Бұл жолда отбасы, мектеп, және қоғам болып бірлесіп әрекет етудің қажеттілігін айтты. Сонда ғана жастардың бойына исламның адамгершілік қағидалары - имандылықты, жауапкершілікті және отансүйгіштікті қалыптастыруға болады екен. Іле ауданының бас имамы Талғат Сүлейменов жастардың теріс ағымнан сақ болуы, мешіт пен қоғамның байланысын нығайту, ардагерлер мен «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің ықпалын арттыру туралы ой қозғады. «Адал қоғам –адамдар бір-біріне сеніммен қарайтын, заң мен тәртіпке құрметпен қарайтын орта. Мұндай қоғамда жемқорлық, алдау-арбау, әділетсіздік сияқты жағымсыз құбылыстарға орын жоқ. Ислам ілімі де дәл осындай қоғам қалыптастыруды мақсат етеді,-деп ой түйіндеді Талғат Абайұлы.

Бұл кездесуге қатысқан ардагерлер, «Асыл ана» және «Алатау жастары» бірлестігінің аудандық ұйымы да өз ұсыныстарын айтып, пікір таластырды. Осындай рухани- танымдық кездесулерді, жастармен бірлескен тәрбиелік іс-шараларды жиі өткізудің маңыздылығы жөнінде ұсыныстар айтылды.

Роза АЙДАРБЕКОВА,
Іле ауданы.

ЮБИЛЕЙ

ВЕЧЕР ВДОХНОВЕНИЯ И ПРИЗНАНИЯ

Не раз хотелось побывать в новом Доме культуры имени Нургисы Тлендиева, открывшемся менее полугода назад в райцентре Отеген батыр. И вот такая возможность представилась недавно. Вкратце: здание очень солидное, с арками, внутри светлое, украшенное картинами в этническом стиле. И еще важное определение - объект долгоданный, так как более 20 лет в посёлке не было своего очага культуры.



Именно тут в февральские дни прошёл творческий вечер «Жырлайды жүрек бұлбұлдым» уважаемого педагога, певца Султана Жаркынбекова в честь его 60 – летия.

На новой сцене выступили: Сулушаш Нурмагамбетова, Каламкас Бексултанова, Ержан Исатаев, домбристы Канат и Айткул Кудайбергеновы, Нурлан Адилшеев, Айнур Гани, Дулат Жантаев и многие другие исполнители казахских народных и эстрадных песен. Сам Султан Данашевич исполнил несколько своих произведений, в числе которых «Отеген батыр маршы», «Досқа сыр».

На сцену также пригласили Владимира Питерцева, известного композитора, кюйши, заслуженного деятеля Казахстана. Владимир Вениаминович десятки лет проработал в сфере культуры и искусства, был музыкальным руководителем в Казахконцерте, лично знал и сотрудничал с Розой Баглановой, Муслимом Абдулиным и другими творческими личностями, ставшими в дальнейшем известными музыкантами, певцами не только в Казахстане.

В начале 2000-х годов Владимира Питерцева пригласили поработать в Илийский район, где он создал детский ансамбль «Іле сазы». Этот коллектив получил большую популярность далеко за пределами региона. Там, в Отеген батыре, и зародился творческий тандем Владимира Питерцева и Султана Жаркынбекова.

Творческий вечер посетили председатель областного совета ветеранов

Ерболат Турымбетов и секретарь Илийского районного маслихата Мухит Карибаев.

Ерболат Сапарович, бывший в своё время заместителем акима района и курировавший культуру, социальную сферу и внутреннюю политику, рассказал зрителям о работе Султана Данашевича в акимате, его ответственности и творческом подходе к любому порученному делу. По традиции юбиляра облачили в красивый национальный чапан.

Продолжился концерт выступлением коллектива народного театра села Акши при районном Доме культуры художественный руководитель Жасулан Түсіпбеков.

Ну а завершило программу выступление знаменитого образцового вокального ансамбля «Элегия», победителя многочисленных республиканских и международных творческих конкурсов, под многолетним руководством талантливого педагога, заслуженного деятеля республики Анастасии Мельник из города Алатау.

В целом творческий вечер прошёл в тёплой атмосфере, погрузив участников на пару часов в волшебство музыки, голоса, красок костюмов, ярких прожекторов и сценического тумана. Благодарные зрители не скупились на аплодисменты и букеты цветов для исполнителей. А я поймал себя на мысли: «Как хорошо, что у нас в районном центре теперь такое место!»

Рамазан ЕЛЕШЕВ
Отеген батыр

ЕСТЕН КЕТПЕС СОЛ БІР КЕЗ

Түнде Тұрар Рысқұлов ауылынан Кеңес деген досым қонырау шалды. -Бір кісі сенің телефон нөміріңді сұрап жатыр. Не үшін екенің білмеймін. Ауыл азаматтарымен отырып әңгіме-дүкен құрған едік. Мен сөз арасында сен туралы айтып қалдым. Спортсмен болғаныңды, чемпион болғаныңды айтқанмын. Содан ол «Солтүстік флотта әскерде болған ба?» деп сұрады. «Иә» дедім. Бірден сенің телефон нөміріңді сұрады. «Саған не үшін керек?» деп едім, «Ол бізді құтқарды», - деді. «Неден құтқарды» десем, үндемеді. Тек «құтқарды» дей берді. Нөміріңді бермедім. Бір криминал болып қала ма деп күмәндандым, - деді Кеңес. «Ол кім болды екен?» деп, аты-жөнін сұрадым. «Қалмырза Нарымбетов», - деді ол. Шынымды айтсам, ондай адамды есіме түсіре алмадым. «Жамбыл облысында ондай танысым жоқ», - дедім мен.

ЖҰДЫРЫҚТЫҢ ҚҰДЫРЕТІ

- Ол Тамдыдан көшіп келген, Бұхара облысынан, - деді Кеңес. Сол кезде барып есіме түсе кеткені...

Әскерде жүргенде Линаяхамари портына іссапармен барған едім. Норвегиямен шекаралас жердегі бір бөлек ротаға. Арада екі-үш күн өткенде түскі үзіліс кезінде бір ірі денелі солдат менің қасыма келіп: «Сен боксерсің бе?», - деп сұрады. Мен оған: «Боксерге ұқсаймын ба?», - деп едім, ол басымнан аяғма дейін бір қарап шығып: «Жоқ, сен боксерге ұқсамайсың, әлсізсің», - деді де кетіп қалды.

Ертеңіне дәл сондай уақытта тағы келді, қолында газеті бар.

-Мына суреттегі сенсің ғой. Флоттың мықты боксшыларымен кездесіп, жеңіске жеткен чемпион деп жазылған. Ешқашан боксшылармен төбелесіп көрген емеспін. Мына перчатканы ки, екеуіміз төбелесеміз, - деді.

Осы жердегі рота командирі, майор бар билікті осы Ақуловқа беріп қойыпты, өзі ештеңеге көп араласа қоймайды екен. Ақулов осы ротадағы солдаттардың атаманы екен.

«Мен төбелесті білмеймін, спортсменмін» дегенді тыңдамады. Қасындағы орыстар оған көмектесіп, гимнастеркасын шешіп, екі қолына боксер қолғабын кигізіп, бауын байлап жатты.

Мен шешінбедім. Қолғапты кидім де, екі бауын қайырып, ішіне тығып қойдым. Казарманың ішіндегі бар солдат жинала қалып, қызықтап тұр. Ол болса, екі қолын әзірлеп, стойкаға тұра қалды. Мен олай жасамадым. «Стойкаға тұр, мен әйтпесе былай төбелесе алмаймын», - деді ол.

Бірінші болып өзі бастасын

деген оймен оның ашуына тие бастадым. «Сен қорқақсың», - деп, қолымды бір сілтедім. Сөйтіп, бұрылып кетіп бара жатыр едім, артымнан басым соққы жіберді. Неше жылдан бері жаттығып, жарыстарға шығып жүрген тәжірибем бар ғой. Соққысын тигізбей еңкейіп қалдым да, жылдам өзіне бір соққы жібердім. Сол-ақ еді, анау екі көзі ортаға қарай қисайып, аяғына тұра алмай, құлап кетіп бара жатып казарманың ортасында шатырды тіреп тұрған бақанды құшақтай құлады. Бақанды құшақтап тұрып: «Жылдам шешіңдер!», - деді достарына екі қолын созып. Солдаттар шуылдап күліп жатыр. Мен оның жанына бардым да:

-Ақулов, тоқта! Біз әлі бастаған жоқпыз, - дедім. Ол:

бөлек үстелге салып қойсын. Біз, Марат досым екеуіміз ет жейміз. Қазақтар етті жақсы көреді, - деді.

Содан екеуіміз асханаға барсақ, солдаттар етсіз тамақ жеп отыр екен. Екі табаққа салынған еттері бөлек үстелде, бізге дайындап қойыпты. Екеуіміз тамағымызды ішіп, асықпай отырып біраз шүйір-келестік.

...Сол ротада төрт қазақ жігіті бар екен. «Сенің келгенің жақсы болды. Бұрын бізді менсінбей, келемеждеп жүретін еді. Енді досым, жерлесім деп сыйлайтын болды», - деді маған.

Менің іссапарымның уақыты бітіп, кетуге әзірленіп жатқанда әлгі қазақ жігіттері келіп, үйлерінің мекенжайларын берді. «Қандай да бір той беретін болсаң, бізге хабар бер, біз ба-



-Жоқ, бастамаймыз, болды, - деді. Қолғабын шешіп болған соң, қолын көтеріп айғайлап:

-Осы күннен бастап Марат менің досым, естерінде болсын! Оны кімде-кім ренжітсе, менің ісім сонымен болады, - деді. Достарының бәрі қарқылдай күліп, бір рахаттанып қалды. «Рота, сыртқа шығып түскі асқа сапқа тұрыңдар!», - деп бұйрық берді ол. Ротаны асханаға апарсын деп, бір сержанттың атын айтып: «Аспазға айтыңдар, ротаға дайындаған астың ішіндегі барлық етін бір

рамыз. Қазақтарды сыйлайтын етіп, абыройын көтергенің үшін бір жылқы апарамыз», - деді.

Олар Бұхара облысынан Тамды ауданынан келген Алдан, Шабан, Жұмабек, Қалмырза деген жігіттер еді.

Мен қазірге дейін жастарға «спортпен айналысып жүріңдер, барған жерлеріңде талай пайдасын көресіңдер» деп айтып жүремін.

Марат
ҚОБЛАНОВ.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Безгек сырқаттанушылығының алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды күшейту.

Безгек – бұл адамды безгек паразиттері (Plasmodium) жұқтырған кезде туындайтын қауіпті инфекциялық ауру. Әсіресе, тропикалық аймақтарда кең тараған бұл ауру дамушы елдер үшін үлкен қауіп туырады. Безгек сырқаттанушылығының алдын алу және оған қарсы күрес бүкіл әлемде медициналық және қоғамдық денсаулық сақтау жүйелерінің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Безгек көбінесе анофелес масалары арқылы таралады. Бұл аурудың белгілері қызба, бас ауруы, дүмпулер, салқын тию және дене тұрқы нашарлауымен сипатталады. Егер дер кезінде емделмесе, безгек ауыр асқынуларға, тіпті өлімге әкелуі мүмкін. Әлемде жыл сайын бірнеше миллион адам безгекпен ауырады, оның ішінде балалар мен жүкті әйелдер әсіресе осал топ болып табылады.

Алдын алу шаралары: - Масалардан қорғау: Масалармен күресу үшін тиімді шаралардың бірі – оларды жою. Бұл үшін инсектицидтерді қолдану, масаларға қарсы торларды орнату, арнайы спрейлер мен лосьондар пайдалану ұсынылады. Сонымен қатар, ашық астан астында ұйықтамау немесе дене мүшелерін қорғайтын киімдер кию маңызды.

- Жұқтырғандарға емдеу: Безгекке шалдыққан науқастарға уақытылы

және дұрыс ем жүргізу маңызды. Парацетомол, хлорохин және басқа да препараттармен емдеу аурудың өршуін тоқтатып, өмір сүру деңгейін арттырады.

- Ауыл шаруашылығында және құрылыс секторында іс-шаралар жүргізу: Ауыл шаруашылығында су қоймалары мен каналдарды тазарту, сондай-ақ құрылыс жұмыстарында сұйықтықтардың тоқтап қалуын болдырмау масалардың тіршілік ортасын жоюға ықпал етеді.

- Қоғамдық ағартушылық: Қоғамды безгек туралы ақпараттандыру – аурудың алдын алуға басты құралдардың бірі. Жергілікті тұрғындарға масалардан қорғау әдістері, емдеу тәсілдері және профилактикалық шаралар жөнінде білім беру қажет.

Қоғамдық денсаулық сақтау шараларын күшейту. Емдеу және диагностика жүйелерін жетілдіру: Безгекке қарсы тиімді емдеу жүйесін құру үшін медициналық мекемелердің қажетті құрал-жабдықпен қамтамасыз етілуі маңызды. Сонымен қатар, ауруды ерте кездерінде анықтауға мүмкіндік беретін диагностикалық тестілердің қолжетімділігін арттыру қажет.

- Халықаралық ынтымақтастық: Безгекке қарсы күрес көп жағдайда халықаралық көмекке тәуелді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен басқа да халықаралық ұйымдар арасында ынтымақтастық орнату, тәжірибе алмасу және қаржылық көмек көрсету бұл мәселеде маңызды рөл атқарады.

Безгек – бұл тек медициналық ғана емес, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді де қамтитын ауру. Оның алдын алу және оған қарсы күрес шаралары мемлекеттік деңгейде ұйымдастырылуы қажет. Масалармен күресу, жұқтырғандарды уақытында емдеу, вакцинация, ауылшаруашылық және құрылыс саласында алдын алу шараларын жүзеге асыру арқылы біз безгек сырқаттанушылығын азайтып, оның таралуын тоқтата аламыз. Тек бірлескен күш-жігер мен кешенді шаралар ғана безгекпен күресте айтарлықтай нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Сән салонына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

Шаштараз және косметикалық, космологиялық қызметтер - әлеуметтік мақсаттағы, тұрмыстық қызмет көрсету және халыққа қызмет көрсететін объектілерге жатады. Сұлулық салоны дегеніміз тек шаш қиятын орын ғана емес, сондай-ақ Сіздің бетіңіз бен сырт келбетіңізді ретке келтіріп, Сіз сұлу болып болып шығатын жер. Сол себепті сұлулық салонын таңдағанда тазалық пен қауіпсіздікті міндетті түрде басты назарға алу керек.

Жақсы, ең бастысы сапалы қызмет ұсынатын салонды таңдау мәселесі оны зерттеуді қажет ететін күрделі міндет болып табылады.

Өзіндіңіз сұлулық салоныңызды табу әлдеқайда оңай, егер сіз өзіңіз қалаған нәрсені білсеңіз. Ол үшін ойыңыздағы сұлулық салонына сәйкес келуі керек критерийлердің шағын тізімін жасауға тырысыңыз.

Қазіргі таңда бизнестің бұл түрі танымал және ауқымды кең таралған, сондықтан жеке немесе заңды тұлғалар шаштараз және косметикалық қызметтерін жүзеге асыру кезде қолданыстағы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 26 шілдедегі №ҚР ДСМ-67 бұйрығының «Коммуналдық мақсаттағы объектілерге қойылатын санитариялық-э-

пидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес қызмет көрсету керек.

Қызметкерлердің жеке гигиена ережелерін сақтауы. Сіз шаштараз, маникюр, педикюр немесе косметолог шеберіне келгенде, шебер жұмысты бастама бұрын қолын жууға міндетті.

Тарақтарды, шеткаларды, шаш киноға арналған қайшыны қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес әрбір клиенттен кейін толық батырған (дезинфекциялау ерітінділері) кезде химиялық алыспен немесе ультраүлгіні сауылау арқылы кейіннен дезинфекциялай отырып, ағынды судың астында жуады.

Тері және сілемейлі қабаттардың зақымдануы мүмкін манипуляциялар үшін (маникюр, педикюр, косметикалық қызметтер) пайдаланылатын құрал-саймандар нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес дезинфекциялау, стерилдеу алдында тазарту және стерилдеуге жатады.

Әрбір келуші дербес қолдану үшін таза киім-кешек қорымен (сүлгілер, сулықтар, ақжайылар және басқалары) қамтамасыз етіледі. Пеньюарлар тек таза сулықпен немесе бір рет қолданылатын жаға, астылық лентамен қолданылады.

Шаштараз және косметикалық қызметтер көрсету бойынша технологиялық рәсімдерді жүргізуді бастама бұрын объектінің қызметкері клиенттің терісін пайдаланылатын материалдарға сезімталдығына тексеруі, қолданылатын химиялық препараттардың технологиясын, құрамын, концентрациясын жеке әсер ету (устун) уақытын қатаң сақтауы, сондай-ақ клиент ұсынған жеке ерекшеліктері мен қарсы көрсетілмдерін ескеруі қажет.

Н. МЕДЕТОВ,

«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы»

АЛАТАУ Ардагері
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі
Алматы облыстық филиалы

Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:
Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310

ТІЛШІЛЕР:
Алтынбай Сіқымбек
Тел.: 8 705 965 3661

Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.

Газет «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.
«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 8500
Тапсырыс №614
Индексі – 65472.